

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл және көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 5-23-12 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда N 2765 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 18.05.2022 № 7-18-19 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 18.05.2022 № 7-18-19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл және көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық мәслихатының  
XXIII кезекті сессиясының төрайымы  
С. Сүлейменова*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық  
мәслихатының хатшысы  
Р. Тілеубаева*

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл және көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 25.11.2021 № 7-12-13 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Имантау ауылдық округінің ауыл және көше тұрғындары өкілдерінің саны
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Верхний Бурлук ауылының тұрғындарына	22
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Молодежная көшесінің тұрғындарына	7
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Озерная көшесінің тұрғындарына	6
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Северная көшесінің тұрғындарына	7
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының 1 Мая көшесінің тұрғындарына	7
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Нариманов көшесінің тұрғындарына	6
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Абай көшесінің тұрғындарына	8
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Ақан сері көшесінің тұрғындарына	4
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Торговая көшесінің тұрғындарына	7
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Ұлтай Нұрсейітов көшесінің тұрғындарына	9
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Шоқан Уәлиханов көшесінің тұрғындарына	16

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Школьная көшесінің тұрғындарына	8
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Достық көшесінің тұрғындарына	11
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Конституция көшесінің тұрғындарына	7
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Ключевая көшесінің тұрғындарына	13
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Степная көшесінің тұрғындарына	9
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Целинная көшесінің тұрғындарына	8
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Рабочая көшесінің тұрғындарына	4
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Южная көшесінің тұрғындарына	4
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің Имантау ауылының Промкомбинат көшесінің тұрғындарына	6

Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы  
№ 5-23-12 шешімімен  
бекітілген

## **Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылдық округінің ауылдарының және көшелерінің тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Имантау ауылдық округінде ауылдардың және көшелердің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Имантау ауылдық округінің әкімі шақырады.

Айыртау ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Имантау ауылдық округі ауылдарында және көшелерінде бөлек жиынды өткізуді Имантау ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Имантау ауылдық округінің ауылдарынан және көшелерінен қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Имантау ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Имантау ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Имантау ауылдық округі ауылдары және көшелері өкілдерінің кандидатураларын Айыртау аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Имантау ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.